

# ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЖЫМҰҚАНЫ

— ӘЛЕМНІҢ АЛЫБЫ

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШ



БҮКІЛ ҒҰМЫРЫҢ КҮРЕС ӨНЕРІНЕ  
АРНАҒАН ЕР ЕДІ...

**Түркістан облыстық Ү.Алтынсарин атындағы  
балалар кітапханасы**

**Ақпараттық библиографиялық бөлім**

**"Қазақтың Қажымұқаны — Әлемнің алыбы"**

**/Библиографиялық көрсеткіш/**

**Түркістан 2026 ж .**

**Қазақтың Қажымұқаны — Әлемнің алыбы:  
библиографиялық көрсеткіш /құраст. Сарсенбаева Г;  
Түркістан облыстық Ы.Алтынсарин атындағы балалар  
кітапханасы; Ақпараттық библиография бөлімі. –  
Түркістан, 2026.**


## "Қазақтың Қажымұқаны — Әлемнің алыбы"

Қазақ халқының қасиетті топырағы — сансыз батырлар мен алыптардың ізі қалған киелі мекен. Сол алыптардың ішінде шоқтығы биік, есімі аңызға, тұлғасы мақтанышқа айналған бірегей тұлға — Қажымұқан Мұңайтпасұлы. Бұл көрсеткіш — қазақтың қайсар рухын әлемге паш еткен «күш атасының» өшпес мұрасына арналған рухани тағзым.

Қажымұқан білегінде — бабалар айбаты, жүрегінде - Отанға деген шексіз махаббаты бар дала перзенті. Оның шаршы алаңдағы әрбір жеңісі — қазақ баласының ешкімнен кем емес екендігінің дәлелі, ұлттық намыстың салтанат құруы еді. Ол — жат жерде жалауымызды жықпаған, жат жұртта арымызды таптатпаған, бойындағы табиғат берген алапат күшті халықтың абыройына айналдыра білген текті жан.

Бұл еңбекте балуанның боз кілемдегі ерлікке толы жолдары, тартысқа толы тағдыры мен ел басына күн туғанда жанын аямай жасаған азаматтық ерліктері библиографиялық деректермен өрнектеледі. Көрсеткіш беттерін парақтай отырып, сіз тек құрғақ деректерді ғана емес, қазақ спортының алтын дәуірін, батыр бабаның тынысын сезінесіз.

Ұлттық спорттың ұлы көшін бастаған Қажымұқан бейнесі — мәңгілік ұмытылмайтын, ұрпақтан-ұрпаққа мақтанышпен жететін асыл қазынамыз. Осы жинақ өскелең ұрпақтың бойында отаншылдық сезімді оятып, ұлттық рухты биіктететін құнды құрал боларына сенеміз.



### **Қажы Мұқан Мұңайтпасұлы (7)**

сәуір 1871, Қараөткел, Ақмола – 12 тамыз 1948, Ленин туы колхозы, Ордабасы ауданы, Түркістан облысы) — Қазақ халқының тарихындағы тұңғыш кәсіпқой балуан. Тұтас ғұмырын күрес өнеріне арнап, ұланғайыр жері мен өршіл халқын бірінші болып өзге жұртқа паш еткен, өзінен бұрынғы қандастары баспаған топырақты басып, көрмеген елді көріп, өзге қазақ тақпаған алтын, күміс медальдарды мойнына тұңғыш ілген Қажы Мұқан бабамыз.

Орасан күштің иесі, күрестің бірнеше түрінен әлем чемпионы атанған тұңғыш қазақ алыбы! Теңдессіз өнерімен жер шарын аралаған, 54 мемлекетте күреске түсіп, 48 медаль олжалаған Қажымұқандай мықты XX ғасырдың басында түркі халықтарының ішінде қазақта ғана болды. Ресейдің балуандар тобында Қажымұқаннан күші асқан ешкім болмағанын да айтуға тиіспіз. Дүние жүзінің чемпиондары Иван Поддубный, Иван Шемякин, Алекс Аберг, Иван Заикин, Георг Лурих, Георг Гаккеншмидт, Поль Понс, Вейланд Шульц сынды жампоздармен қатар жүру, боз кілемдегі айқастарда осы балуандарды шетінен жығып, бәйге алу — сол заманда нағыз ерлік еді. Ол кезде империяның буына семірген Ресей күресінің қожайындары қазақты шын мәнінде менсінбеуші еді. Қажымұқан сондай ортада намысын жатқа берген жоқ. Кеудесін ешкімге бастырмады. Күрес қожайындарының, төрешілердің сан мәрте әділетсіздігіне белі бүгілмеді, еңсесі түспеді.

## Өмірі

Тарихи деректерге сүйенсек ол 1871 жылғы 7 сәуірде Ақмола уезі, Қараөткел деген ауылда дүниеге келген. Кейбір зерттеулерде, оның 1886 жылы туғандығы айтылады. Қажымұқан кедей шаруаның баласы болғандықтан, орыс байларына және дәулетті адамдарға жалданған. Сөйте жүріп, күреске түсіп, той томалақтарда елге көрініп, бала балуан деген атқа ие болған. Қыпшақ тайпасы Ұзын ішіндегі Алтыбас руынан шыққан.<sup>[1]</sup>

Былай басталатын өлең жолдары оның сал-серілігінен де хабардар етеді:

Атандым Мұқан палуан, бала жастан.

Ішінде күштілердің болдым астам.

Талай-талай жерлердің дәмін татып,

Өтті дәурен осылай біздің бастан

Сонда сол циркте жеңген палуан, ең соңында жеңген палуан мен Қажымұқан күреске түседі. Оны жыға алмайды, дегенменен халық арасына танылады. Злобин деген цирктің кожасына ұнайды да, бұл жаңағы барлық зерттеулерде жазады ол «Ваня ағай» деген атақты алғашқы кәсіби Санкт-Петербургдағы мектепті ашқан атақты Лебедевке хат жазып жібереді. Сол арқылы ол сол жаққа барады. Сол жақта үш жылдай дәріс алады. Содан кейінгі өмірі Қажымұқанның үлкен өрісте болады, биіктей түседі жылдан жылға.

Талас аға жалғайды. Сонда ол орыстың көптеген палуандарымен танымсып, дос болады. Олардың ішінде Иван Поддубный, Иван Шемякин сияқты мықты мықты дүние жузіне белгілі жауырыны жерге тимеген, Иван Зайкин тәрізді балуандар бар, Шульц деген палуан осылармен тек қана күресіп қана қойған жоқ, рухани жағынан жақындасып, ұзақ жылдар дос болды.


Қажымұқанның тұңғыш рет әлемдік деңгейде көрінген шағы — 1906 жыл. Алманияда өткен дүниежүзілік сайыста ол әлем чемпионы атанады. Бірақ орыс әкімшілігіне бұратана халықтың атын шығарған палуан онша ұнай қоймайды. Сол үшін де Қажымұқан орыс палуандарының атымен күресуге мәжбүр болды. Қажымұқанға неше түрлі лақап аттар беріледі. Сол кездегі саясат бойынша, бізде тек орыстар ғана емес, жапондықтар да күреседі деген жарнамалар жасалып,

Қажымұқанды «Ямагата Мухунури» деген лақап атпен күрестіреді. Сонымен қатар, Мухан, «Иван Чёрный» сияқты лақап есімдері болған.

- **1909 жылғы** халықаралық палуандар жарысына ол «Қара Мұстафа» деген атпен шыққан. Сөйтіп бүкіл дүние жүзіне Мұқанның неше түрлі лақап аттары тарай бастайды.
- **1910 жылы** Мұқан тұңғыш рет Оңтүстік Америка құрлығына табан тірейді. Аргентинаның астанасы Буэнос-Айрес қаласында өткен еркін күрестен болған біріншілікте ол Америка чемпионы атанады.
- **1911 жылы** Мұқан Мұңайтпасов **Ыстамбұлға** барады. Сол кезеңде әлемде түрік палуандарынан мықты палуандар жоқ сияқты көрінетіндігі соншалық, ол жаққа орыс палуандары аяқ баспайтын-ды. Осы ретте намысқой Қажымұқан өзі түркі халқының өкілі ретінде **Түркияға** баруға бел буады.
- Ол поляк қызымен отау құрған. Омбыда мешітке апарып, оған Бәтима деген ат беріп, мұсылман дініне кіргізген. Патша үкіметі құлаған соң, балуанның отбасы азамат соғысы мен аштықтың салдарынан біраз сергелдеңге тап болады.
- **1937 жылы** Қажымұқанның ізіне ПХҚ қызметкерлері түсіп: «Бұл патшаның адамы, оның қолынан медаль алған, сыйлық алған сыбайласы» — деп қудалауға ұшыратады. Сол себепті Қажы Мұқан отбасын тастап, Түркістан мен Өзбекстанда бас сауғалайды. Өмірінің соңғы кезеңі **Түркістан** жерінде өтеді.
- **Ұлы Отан соғысы** басталған кезде Қажымұқан ҚКСР Жоғарғы кеңестің төрағасы Қазақбаевқа жолығып, оған «Ел аралап, цирк өнерін көрсетсем, сол арқылы ақша тауып, майданға көмектесем» — деген ұсыныс айтады. Бұл ұсынысты үкімет қолдап, екі жылға жуық жүріп цирк өнерін көрсетіп, 100 мың сомдай ақша табады.
- Егер ол өз заманында тәуелсіз елдің азаматы болса, оның Мұқан Мұңайтпасұлы деген шын есімі әлемдік спорт тарихында алтын әріптермен жазылар еді. Өмірінің 55 жылын күрес пен цирк өнеріне арнап, 50 шақты медальдің иесі болып, жеңіс тұғырынан түспеген дара тұлға — қазақтың нағыз хас батыры.

- Ол 1948 жылы Түркістан облысы, Бөген ауданы, Ленин туы колхозында қайтыс болды. Темірлан деген ауылда, қабырының басына ескерткіш орнатылған. Оның төрт әйелінен тараған ұрпақ Түркістан мен Ақмола өңірінде өмір сүруде.
- Ең алғашқы лақап аты "Муханура", Лебедев мырзада дәріс алып күрес өнерін дамытқан еркін күрестен әлемнің бірнеше дүркін жеңімпазы француз күресінен өзімен бірдей дәрежеде күресетіндер еркін күрестен бәрі бастарын идірген.

## Жетістіктері



Ең алғаш рет ірі табысқа Қажымұқан [Харбин](#) қаласында өткізілген Халықаралық турнирде қол жеткізеді. Мұнда ол бірінші орынға ие болып, өңіріне алтын медаль тақты. Кейбір деректерде бұл турнир 1905 жылы өтті делінеді. Белгілі басты оқиға — Қажымұқан «[Жиу-Житсу](#)» бойынша күресіп, турнирде бірде-бір рет жеңілмегені, үлкен алтын медаль жеңіп алғаны. Харбин сапары Қажымұқанның даңқын аспанға көтереді. Енді оны «Маньчжурия» чемпионы деп атап кетеді, әрі «Мухинура» деген лақап ат беріледі. Қажымұқанның мұнан басқа да бірнеше лақап аттары болған. Солардың ішінде Октябрь революциясына дейін осы «Мухинура» деген лақап аты сақталып келді. Революцияға дейін ол қатысқан чемпионаттарды ұйымдастырушылар, сол замандағы жағымпаз баспасөз өкілдері, біресе «жапон» деп, біресе «маньчжур» деп, мүмкіндігінше «қазақ» екенін айтпауға тырысты. Мәселен, 1909 жылы Қажымұқан атақты эстон балуаны, әлем чемпионы Георг Лурихтың тобында күресіп жүреді. Лурих өз тобының жетекші балуандары жөнінде айта келіп, Қажымұқан туралы: «Шығыс ұлы жапон „Мухинура“ ол сирек кездесетін мықты балуан, күресте қайтпайтын бірбеттігі, далаға тән қайсарлығымен және ызақорлығымен ерекшеленеді» — деп жазған.

1910 жылы Америкаға, Еуропаға орыс балуандарының үлкен бір тобы аттанады. Сөз арасында айта кететін бір жайт, — бұл сапарда Қажымұқанға еріп, әйелі Надежда Николаевна Чепковская да бармақ болған. Бірақ аяғы ауыр болуына байланысты Португалия порты Лиссабонда кемеге көтерілуіне рұқсат етілмейді. Жергілікті тәртіп бойынша, екіқабат әйелдерді мұхит кемелеріне мінгізбейді екен. Қажымұқанның өзі Бәтима деп атап кеткен Чепковская цирк актрисасы болған, әрі ерінің кәсіби күрестегі талай тамаша жеңістерін өз көзімен көрген. Осы сапарда Америкаға барған балуандар бірнеше шағын топтарға бөлініп, әр жерде күреседі. Оңтүстік Американың ірі-ірі қалаларында күш сынасады. Олардың әсіресе Аргентина астанасы Буэнос-Айреске барған сапары сәтті болады. Қажымұқан бұл сапардан үлкен алтын медальмен оралады. Бірақ Қажымұқанның Америкада күрестің қай түрінен өнер көрсеткенін анықтаудың әзірше сәті түскен жоқ. Оның Американың еркін күрес түрі бойынша сайысқа түсу әбден ықтимал деген пікір бар. Себебі олай деуге негіз бар. Қажымұқан өзін әрқашан да еркін күрестен мықты сезінген де, французша күрестің техникасына шорқақтау болыпты. Қажымұқан Оңтүстік Америкадан 1910 жылдың аяғына таман оралған сияқты. Олай дейтін себебіміз: ол 1910 жылдың желтоқсанында, 1911 жылдың қаңтарында Мәскеуде өткен Халықаралық чемпионатқа қатысады. Бұл жолы Қажымұқан Разумовтың, Шнейдердің, Иогансанның, Винтердің, Апполинның жауырындарын қысқа уақытта кілемге тигізген. Осы чемпионатта сол заманда аты дүрілдеп тұрған Циклоппен ұзақ алысады. Айқас 20 минутқа созылып, тең аяқталған. Чемпионаттың жетінші күні Қажымұқан Әлем чемпионы Лурихпен кездеседі. 20 минутқа созылған бұл қиын белдесу еш нәтиже бермей, тең аяқталады. Ертеңіне Лурих қазақ балуанын тағы да кілемге шақырады. Белгіленген уақытта Лурих тағы да жеңіске жете алмайды. Әккі Лурих қулыққа көшеді, ақыры ақшаға сатылған төрешілер Лурих жеңді деп хабарлайды. Күресті тамашалауға жиналған көпшілік бұл шешімге келіспейтіндіктерін білдіріп, үлкен шу шығарады. Жарысты ұйымдастырушылар кілемді тастай

қашады. Төрешілердің Қажымұқанға қарсы ойлап тапқаны — ол «жарыс ережесін бұзды» деген сылтау.

1911 жылдың сәуірінде Петербургте күреске қатысады. Бұл жолы чемпионатқа қатысушылар арасында Рауль де Раун мен Георг Лурих та болады. Әділетсіздік бұл жолы да Қажекеннің алдынан шығады. Чемпионаттың жарты жолында баяғы әуен қайталанып, «жарыс ережесін бұзды» деп тағы да жарыстан шығарып тастайды. Петербург чемпионаты аяқталар-аяқталмастан, оны Польшаның астанасы Варшавада өтуге тиісті Халықаралық жарысқа шақырады. Осы жарыс жайында Бәтима жеңгей былай деп еске алады:


Бұл есте қаларлықтай аты шулы жарыс болды. Қажымұқан бұл жарыста Әлем чемпионы, атақты неміс балуаны Поль Абс, әлем және Ресей чемпионы Иван Яго, неміс балуаны Шульц сияқты шебер балуандармен белдесті. Алтын медальды бұл жолы ойламаған жерден неміс Шульц ұтып алды. Қажымұқан кеудесіне кіші алтын медальды тақты, күміс медальға Лубие ие болып, атақты Поль Абс қола медальды қанағат тұтты. Жарты жылдан соң Варшава біріншілігіне қатысу үшін біз **Польша** астанасына қайта оралдық. Сол кезде ұлымыз Халиолла кішкентай, жаңа ғана қаз-қаз басып жүрген кезі еді. Біз Халиоллаға бас-көз болсын деп, көршінің 16 жасар қызы — Жәмиланы ала келгенбіз. Қажымұқан бұл жолы да жұлделі орыннан көрінді. Одан жоғары орындарға чех Поспешил мен атақты Лурих ие болды. Осы жарысқа қатысқан **Қытай** алыбы Ли Хун Синг пен Лаубе Қажымұқаннан кейінгі орындарға ие болды. Чемпионат аяқталған соң, бәріміз ауылға, Омбыға оралдық. Ұмытпасам, осы жолы, не 1912 жылы, әйтеуір осы екі жылдың бірінде біз Қызылжар қаласына тоқтадық. Қазақ балуанының дәрежесі көтеріліп, Ресейдегі, шет елдердегі чемпионаттарда жақсы күрес көрсетіп жүргенін естіген қала тұрғындары, соның ішінде Қажымұқан жас кезінде жалшылықта болған көпес Григорий Масляков кісі жіберіп, үйіне шақырып, қонақ етті. Батыр балуанның болған жерлеріндегі күрес әңгімелерін қызыға тындап, көптеген сұрақтар қойды. Дастарханын жайып, сыйлы қонақтарын шақырып, Қажымұқанға, қасындағы біздерге үлкен сый-құрмет көрсетті. Мұның өзі байлығымен ғана масаттанып жүрген көпестен кедей

шаруаның баласы, кешегі жалшысы, бойына біткен алып күшін, сарқылмас өнердің иесі, қазақ халқының мақтанышы Қажымұқанның Григорий Масляковтан биік тұрғанын халықтың алдында бір көрсетіп тастады. Қажымұқанның астына ат мінгізіп, маған 5 метр көк мақпал таза күмістен әшекейлеп жасаған редикюльді сыйға тартты. Біз қанша бас тартсақ та, көнбей қойды. «Бұл Қызылжарда болған кездеріңіздің естелігі болсын» деп бәйек болды. Біз **Қызылжардан** осылай аттандық. Сол жолы Қажымұқан үш айға жуық ел аралап, тойдумандарда болып, халқының арасында сайран салып жүрген.


ШОҚЫР 39

**КҮШ АТАСЫ**


**ҚАЖЫМҰҚАННАН  
ЖЕҢІЛГЕН  
ДҮНИЕЖҮЗІНІҢ  
БАЛУАҢДАРЫ**




**WRESTLERS OF THE  
WHOLE WORLD THAT  
WERE DEFEATED BY  
KAZHYMUKAN**




**А.Аберг**




**Педдерсон Иесс**




**Збышко-Цыганевич**




**ВанРилль**




**Ганц Каван**




**Поль Абс**




**Георг Лурих**




**Ян Яго**




**Тигане**




**Иван Шемякин**



**Френк Гоч**



**Вейланд Шулм**



**Лока Кольев**

## Ақын жазушылар Мұқан туралы



Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Тұрағұл (Абайдың ұлы), Көкбай (Абай шәкірті), Қажымұқан және басқа да қазақтың зиялылары (Семей, 1918 жыл)

Қара сөздің қадірін білетін қазақ «күш атасы» деп басқаны емес, Қажымұқанды атаған. Қажымұқан туралы қалам тербеген алаш қаламгерлерін түгендеп шығу да оңай емес.

Сәкен Сейфуллин, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Кенен Әзірбаев, Нартай Бекежанов, Асқар Токмағанбетов, Әбділда Тәжібаев, Дихан Әбілев, Сапарғали Бегалин, Сәбит Мұқанов, Әуелбек Қоңыратбаев, Сырбай Мәуленов, Төлеген Айбергенов, Қадыр Мырзалиев, Ғафу Қайырбеков, Қалмақан Әбдіқадыров, Сәуірбек Бақбергенов, Жайық Бектұров, Әди Шәріпов, Зейтін Ақышев, Берқайыр Аманшин, Әлімкұл Бүркітбаев, Қапан Қамбаров, Төлеген Токбергенов, Мұхтар Шаханов, Жарасқан Әбдірашев, Бекен Әбдіразақов, Сабырхан Асанов, Аян Нысаналин, Құлбек Ергөбеков, Мамытбек Қалдыбаев, Захардин Қыстаубайұлы, Серік Байхонов, Жанболат Аупбаев, Әділғазы Қайырбеков, Әсия Беркенова, Есенқұл Жақыпбеков... Орыстың көрнекті ақыны Дмитрий Мартынов, белді жазушы Николай Анов... Аттары аталған бір-бір бәйтеректей ақын-жазушыларға спорт журналистерін қоссақ, Қажымұқан туралы қалам тербеген адамдардың шеті-шегі жоқ екенін бағамдар едіңіз.<sup>[2]</sup>

### Қызықты мәліметтер

- ...1944 жылы осындай шоулармен жиналған 100 мың сомды — Қажымұқан осы қаржыға ұшақ сатып алып, оны

Амангелді Иманов атымен атауды өтініп, Жеңіс қорына аударды. 29 қазанда мынадай жеделхат келді: *«Оңтүстік Қазақстан облысы, Шәуілдір ауданы, Ақтөбе кол-зы, Мұңайтпасовқа. Қызыл Армияның Әскери күштеріне көрсеткен қамқорлығыңыз үшін менен сәлем және Қызыл Армиядан ризашылық қабылдаңыз, жолдас Қажымұқан. Сіздің тілегіңіз орындалады. Сталин».*

- Қажымұқан жерге жатқанда, оған денесінің үстіне тақтайлар орнатылып, сол тақтайлардың үстімен адамдар лық толтырылған жүк машинасы жүріп өтететін. Орнынын тұрған Қажымұқан ақсақал жүк машинасындағы адамдарды иығына отырғызып, жан-жағынан жармасып-жабысып мініп алған адамдармен оранып алған Алып құрметтеушліредің алдында әрлі-берлі жүретін

### **Ескерткіштері**

2001 жылы Қажымұқан Мұңайтпасұлының ескерткіші [Шымкенттің](#) орталық стадионы алдында қойылды.<sup>[3]</sup>  
2021 жылы палуанның 150-жылдығына орай 5,7-метрлік ескерткіш [Астанада](#) қойылды.<sup>[4]</sup>

### **Дереккөздер**

1. [Шежіре форумы](#)
2. [Қазақтың Қажымұқаны](#) — Егемен Қазақстан 2006-04-07
3. [Қажымұқан жайлы біз білмейтін дерек көп Мұрағатталған 19 мамырдың 2023 жылы.](#)
4. [Елордада Қажымұқан Мұңайтпасұлының ескерткіші бой көтерді](#)

## Алып күш иесі Қажымұқан туралы қызықты деректер

*Қазақ елінің мақтанышы, алып күш иесі, теңдесі жоқ кәсіпқой палуан Қажымұқан Мұңайтпасұлы – күрес өнерінің бірнеше түрін жетік меңгеріп, әлем чемпионы атағына қол жеткізген тұңғыш қазақ*

### Аталары ағашты тамырымен жұлған

Қажымұқан Қыпшақтың Алтыбас руынан шыққан. Аталары: қыпшақ Тоқтарбай, одан кейін Қобыланды, Тірлікбай, Ойбас, Ұзын, Алтыбас, Қарыс, Жоламан, Санбай, Шадибатыр, Ернақ және әкесі Мұңайтпас.

Атасы Ернақ ерекше күштің иесі болған дейді және өз немересіне қазақша күресті үйреткен. Ал нағашы атасы Лек палуан ағаштарды тамырымен жұлған деген аңыз бар. Әкесі Мұңайтпас та өте күшті адам болды. Күрес жарыстарына қатысып, "жуанаяқ палуан" деген атпен танылды.

Мұңайтпасұлы құжат бойынша 1871 жылы 7 сәуір күні қазіргі Ақмола облысының Қараөткел ауылында дүниеге келген. Алайда оның туған жеріне қатысты басқа да пікірлер бар. Зерттеушілердің бір тобы оны Оңтүстік Қазақстан облысының Отырар ауданында 1883 жылы дүниеге келді деп пайымдайды. **Мұңайтпасұлы 17 жасында танылды**

Қажымұқан жастайынан байларға жалданып, ауыр жұмыс істеген. Сол кезде батпаққа батып қалған өгізді жалғыз өзі тартып шығарып алғаны туралы әңгімелер де бар. Елдің есінде тағы бір оқиға қалды. Қажымұқанның қожайыны қыстың қақаған суығында құрғақ шөп алып келуді тапсырады. Жолда арбаны сүйреп келе жатқан бір ат әлсіреп құлап қалғанда Қажымұқан оны арбаның үстіне лақтырып, екінші атты арбаның артына байлайды да, арбаны жалғыз өзі сүйреп әкеледі. Мұңайтпасұлы 17 жасқа толмай жатып, мықты палуан ретінде таныла бастады. Оның Ақмола облысы бойынша барлық атақты палуандарды жеңгені туралы әңгіме бүкіл қазақ даласына тез тарап кетеді. Ал 18 жасында оны циркке жұмысқа шақырды. **Қажымұқанның жеңісті жолы қалай басталды**

1905 жылы Қажымұқан алғашқы ірі жетістігіне қол жеткізді. Харбинде өткен жарыста Мұңайтпасұлы "джиу-джитсу" күресінен алтын медаль жеңіп алды. Осы додадан кейін "Маньчжурия чемпионы" деген атаққа ие болды. Ал бір жылдан кейін Алманияда өткен дүниежүзілік жарыста топ жарды.

Швецияның Гётеборг қаласында өткен француз күресінен әлем чемпионатында алтыннан алқа тақты. Сөйтіп, осы күрес бойынша әлем чемпионы атанған алғашқы қазақ болды.

1910 жылы европалық және ресейлік палуандардың үлкен тобы Америкаға аттанды. Олардың ішінде Қажымұқан да болды. Оңтүстік Америка қалаларына жасалған турнеде Қажымұқанның ең сәтті өнер көрсеткен жері – Аргентина астанасы Буэнос-Айрес қаласы. Сол жерде ол алтын медальмен марапатталды.

Троицк қаласында өткен жарыста Қажымұқан неміс палуаны Вестергард Шмидт, француз Фисури Колос, эстондық Тигане, орыс Петров және тағы басқа атақты спортшылардан басым түсті. Ал бір жылдан кейін Нижний Новгородта тағы бір жарысқа қатысты.

Сол сайыста неміс палуаны Вестергард Шмидт жеңілетінін біле тұра, Қажымұқан орындай алмайтын шарт қойған. Ол 100 сом көлеміндегі жеке сый үшін ғана күресемін деп шықты.

Мұңайтпасұлы көрермендерден көмек сұрайды. Ақша табылады. Ал Қажымұқан тағы да жеңімпаз атанады.

### **Саракикиге қарсы жекпе-жек**

Қазақ палуанының жапон палуаны Саракики Джиндофумен болған жекпе-жегін ерекше атап өткен жөн. Француз күресінен ресми чемпионат аяқталғаннан кейін Саракики кілемге шығып, джиу-джитсудан кез келген палуанды жеңе аламын деп жиналған спортшыларды жекпе-жекке шақырады. Сонда Мұңайтпасұлы оған қарсы шыққан.

Жекпе-жек кезінде Саракики қазақ палуанының құлағы мен астыңғы ернін жыртып жіберген. Соған қарамастан, Мұңайтпасұлы жапон палуанын алып ұрып, жерге жығады. Осы жекпе-жектен кейін Саракики қайтыс болды. Біреулер жүрегі тоқтап қалды десе, енді біреулер жынданып өлген дейді.

"Біздің арамызда өз дене бітімімен және күшімен кыргыз палуаны Қажымұқан ерекшеленеді. Оның иығы кең, орасан зор күші және ұзын қолдары болды, ол күресте өте маңызды... Палуандардың көпшілігі одан қорқатын және күреске түскісі келмейтін", - деді тәжірибелі палуан Николай Турбас өзінің бір естелігінде.

### **Палуанның лақап аттары**

Мұңайтпасұлы Қажымұқанның бірнеше лақап аты болған. Олар – "Ямагата Муханура", "Қара Иван", "Қызыл маска". Мәселен, "Муханура" деген лақап атты Қажымұқанға Иван Лебедев қойған. Ал "Қара Иван" деген лақап атты "төрт Иван" – Иван Поддубный, Иван Заикин және Иван Шемакинмен бірге өнер көрсеткен кезінде алған еді.

Түркияда өнер көрсеткенде Қажымұқан "Қара Мұстафа" деген лақап атпен шыққан. Сол кезде ол түріктің ең атақты палуаны Нуруллахты жеңді. Сөйтіп, Стамбұл билеушісі Шәкір-пашаның назарына ілінеді. Ол жұмбақ "орыстың" мұсылмандық тегін анықтағаннан кейін оған қажылыққа бірге баруды ұсынады. Мұңайтпасұлы ол ұсынысты бірден қабылдаған. Осылайша, қажылықтан кейін Мұқан деген есіміне "Қажы" деген мәртебені қосты. Содан бастап оның Қажымұқан есімімен атағы шыға бастайды. Осы есіммен ол алғаш рет 1912 жылы Саратов қаласында өнер көрсетті.

### **100 мың рубль жинап, ұшақ жасатқан**

1940 жылы Қажымұқан халық алдында соңғы рет өнер көрсетуге шығады. Бірақ Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін цирк әртістерінің ақшаны майданға көмек ретінде жіберіп жатқанын көріп, жасының келіп қалғанына қарамастан, өз үлесімді қосамын деп, цирк-шапито ұйымдастырады. Сөйтіп, балға, шынжыр және кір тастар сияқты қарапайым снарядтарды пайдаланып, қазақ ауылдарын аралайды.

Шоулардың бірінде Мұңайтпасұлы жерге жатқан екен. Сосын оның үстіне тақтайлар орнатылатын. Сол тақтайлардың үстімен адамдарға лық толы жүк машинасы жүріп өтетін.

Осылайша, төрт жылдың ішінде Қажымұқан 100 мың рубль жинап, қорғаныс қорына аударады. Бұл ақшаға ұшақ жасатады да, бүйіріне Амангелді Имановтың атын жаздыртады.

Мұңайтпасұлы ол ұшақты жас ұшқыш Қажытай Шалабаевқа салтанатты түрде табыс етті. Ұшқыш Шалабаев онымен Прибалтика және Ленинград майдандарында соғысты.

#### **Мұңайтпасұлы марапаттарын сақтай алмады**


Қажымұқан 26 мемлекетте өнер көрсетіп, 50-ден астам медаль жеңіп алған. Ол наградаларының бәрін сақтай алмады. Мәселен, Рига қаласында жүргенде әкесінің қайтыс болғанын естіп, жолға ақша іздеген екен. Сөйтіп, медальдардың жартысына жуығын атақты палуан Вейланд-Шулцке тастап кетті.

Наградалардың ішінде сан алуан мемлекеттердің бірінші басшылары берген медальдар да көп болды. Мысалы, парсы чемпионы Машрутты жеңгені үшін Персия шахы Қажымұқанды "Алтын Арыстан мен Күн" орденімен марапаттады.

Бұдан бөлек, жапон палуаны Саракики Джиндофуді жеңгені үшін Манчжурияның "Қайырымдылық" орденін алды. 1927 жылы Қазақстан орталық атқару комитеті Мұңайтпасұлы күрестен әлем чемпионы болғаны үшін оған "Қазақ халқының батыры" атағын берді. Ал 1945 жылы Қажымұқан Мұңайтпасұлы "Құрмет белгісімен" марапатталды.



Қажымұқан  
Мұңайтпасұлы –  
Қазақ халқының  
тарихындағы  
тұңғыш кәсіпқой  
балуан.



26 мемлекетте  
өнер көрсетіп,  
56 медаль алған.



1944 жылы жасы келгеніне қарамастан цирк-шапито өткізіп,  
төрт жылдың ішінде жинаған 100 мың сомға ұшақ жасатып,  
бүйіріне Амангелді Имановтың атын жаздыртады.  
Осы ұшақпен жас ұшқыш Қажытай Шалабаев Прибалтика  
және Ленинград майдандарында соғысады.



Француз күресінен  
әлем чемпионы  
атанған тұңғыш қазақ.



Балуанның  
Надежда Чеповская  
(Бәтима), Ырысты  
Тыныбайқызы,  
Мінайім, Айшагүл  
есімді төрт әйелі болған.



54-ші өлшемдегі  
аяқ киім киген.

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
Қ.Мұңайтпасұлы өмірбаяню.....	4
Қ.Мұңайтпасұлы жетістіктері.....	7
Ақын жазушылар Мұқан туралы .....	10
Қажымұқан туралы қызықты деректер....	12

Жауапты: Түркістан облыстық Ы.Алтынсарин атындағы  
балалар кітапханасының директоры Р.Летаев  
Құрастырушы: Сарсенбаева Г.  
Мекен жайы: Түркістан қ., 32 көше, 21/б ғимарат  
e.mail: Info @altynsarinlib.kz